

**Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарындағы  
Қамқоршылық кеңесі және оның қызметін ұйымдастыру туралы  
Ереже (жоба)**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі туралы осы ереже (Бұдан әрі Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде әзірленді.

1.2. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие процесін коллегиялды түрде басқара отырып, оның әрі қарай дамуына ықпал етуші қоғамдық бірлестік.

1.3. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесінің бұл ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға, жарғылық функцияларын жүзеге асыруға, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын күшейтуге жәрдемдесу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ білім беру ұйымының шотына келіп түсетін қайырымдылық көмектің мақсатты жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізу, мектептің өзін-өзі басқару қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылып, қабылданды.

1.4. Қамқоршылық кеңесі жұмысының басты бағыттары:

- әлеуметтік-мәдени; сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуде көмек көрсету;
- оқушылардың сапалы білім алуына жәрдемдесу;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеумен қамтамасыз етудің жайлы, қауіпсіз жағдайын жасау;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына көмек көрсету және дарынды балаларды қолдау мақсатында жергілікті жерлерде жұмыс істейтін өндіріс орындары, шаруа қожалықтары және жетістікті мектеп тұлғаларымен байланыс жасай отырып, бюджеттен тыс қаржы жинақтап, оны жұмсау;

**2. Қамқоршылық кеңес құрамы**

2.1. Білім беру ұйымы орналасқан жердегі атқарушы өкілетті орган Қамқоршылық кеңесінің құрылатындығы және оған мүшелікке азаматтар шақырылатындығы туралы өзінің қызмет ету аймағында хабарлама жасайды.

2.2. Қамқоршылық кеңесінің құрамын, мүшелікке енуге келіскен азаматтар арызы негізінде, жергілікті атқарушы орган бекітеді.

2.3. Қамқоршылық кеңесінің құрамына төменде аталған азаматтар ене алады:

- 1) жергілікті жердегі атқарушы, құқыққорғаушы органдар өкілдері;
- 2) әлеуметтік серіктестіктер өкілі;

- 3) ата-аналар комитетінің ұсынуымен әр кластан (топтан) бір ата-ана;
- 4) коммерциялық емес ұйым өкілі (бар болған жағдайда);
- 5) демеушілер

2.4. Кеңес мүшелерінің саны тақ және 9–дан кем емес болуы керек. Кеңес мүшелері білім беру ұйымының штатына кірмейді. Сонымен қатар, бұл азаматтар бір бірімен, білім беру ұйымының басшысымен туыстас болмауы керек. Кеңестің өкілеттілік мерзімі – 1 жыл.

2.5. Қамқорлық кеңесі жұмысын оның төрағасы басқарады. Төраға кеңестің отырысында ашық дауыспен сайланады. Кеңес құрамына енген мемлекеттік ұйымдар өкілдері төраға болып сайлана да, оның міндетін уақытша атқара да алмайды. Қажет болған жағдайда төрағаның міндетін кеңес отырысының шешіміне сәйкес кеңес мүшелерінің бірі уақытша атқаратын болады. Кеңес отырысының жұмысын кеңес отырысының шешімімен сайланған хатшы жүргізеді.

2.6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленеді.

2.7 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық Кеңесінің жалпы жиналысымен енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

### **3. Қамқоршылық кеңесінің өкілеттілігі**

3.1 Жалпы білім беру ұйымы жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

3.2 Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның ауласынкөркейту, оқу кабинеттерін жабдықтау.

3.3 Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

3.4 Білім беру ұйымының жұртшылықпен тиімді қарым–қатынасы үшін жағдай жасау.

3.5 Білім беру ұйымының білім, тәрбие берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейтуге атсалысу.

3.6 Білім беру ұйымының есеп шотына түскен демеушілік, қайырымдылық қаражаттарын және бюджеттік қаржыны тиімді және ашық пайдалану механизмін құру.

3.7 Қаржыландырудың қосымша көздерін білім беру ұйымына тартуға жәрдем беру.

3.8 Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

3.9. Білім беру ұйымының қызметінде Кеңес байқаған кемшіліктерді жою тұрғысында өкілетті органдарға ұсыныс түсіру.

3.10. Білім беру ұйымы басшысының ұйымның тәрбие, білім беру қызметінің сапасы туралы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау ісі (олардың қазақстандық отбасыларына асырап алуға беру) туралы есептерін тыңдау.

3.11. Білім беру ұйымдарына қатысы бар конференция, жиналыс, семинар жұмыстарына қатысу.

#### **4. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

4.1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің отырысын төраға белгілеп, өткізілуі туралы мәліметті қаралатын мәселелерімен бірге 1 апта бұрын мүшелерге хабарлайды.

4.2. Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді. Шұғыл қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыс өткізіледі. Қаралған сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесі жалпы дауысқа салу негізінде шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен Педагогикалық кеңеске мәлімет түсіреді.

4.3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі отырысқа кеңес мүшелерінің үштен бірі қатысып, дауыс бергенде ғана заңды деп есептелінеді.

4.4. Дауысқа салғанда кеңес мүшелері бір дауысқа ие болады. Егер шешім қабылдағанда қарсы жақтар дауысы бірдей болған жағдайда, төрағаның дауысы қосылған жақ қолдаған шешім қабылданады.

4.5. Кеңес отырысының шешімдері хаттамаланады, тігіледі, төраға мен хатшының және қажет болған жағдайда осы отырысқа қатысқан барлық мүшелердің қолы арқылы бекітіледі.

4.6. Білім беру ұйымына демеушілік және басқа да қаржылай, заттай көмек өз еркімен беріледі және оны жұмсау Қамқорлық кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

4.7. Білім беру ұйымына демеушілік және басқа да қаржылай көмек ұйымның бюджеттік есеп шотына түсіріледі.

4.8. Демеушіліктен түскен және басқада қаржылай көмек жұмсалады:

- 1) әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларын әлеуметтік қолдауға;
- 2) білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға;
- 3) дарынды балаларды қолдауға;
- 4) спорт түрлерін дамыту және балалар денсаулығын шыңдауға;
- 5) мемлекеттік білім беру стандарты талаптарынан тыс білім беру процесін іске асыруға қажет шығындарды өтеуге.

4.9. Білім беру ұйымының басшысы және Қамқорлық кеңесінің төрағасы қаржылық жылдың аяғында қоғам алдында демеушілік және басқа да қаржылық түсімдер және олардың жұмсалуды туралы есеп береді.

4.10. Қамқоршылық кеңесі оқтын-оқтын мектеп ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

#### **5. Қамқоршылық кеңесінің іс-қағаздары**

6.1. Қамқоршылық кеңесінің отырысында кеңестің төрағасы мен хатшының қолы (қажет болған жағдайда кеңестің барлық мүшелерінің қолы қойылған) қойылған хаттама жүргізіледі.

6.2. Хатшының міндеті Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.

6.3. Кеңестің жылдық жұмыс жоспары

6.4. Қаржылық құжаттар

6.5. Құжаттары Қамқоршылық кеңесінің төрағасында 1 жылға сақталады.

6.6. Ереженің нақтылы мерзімі: білім беру мекемесінің үлгісі (немесе түрі) өзгергенге дейін.

### **6. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату**

6.1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тоқтатылады:

- 1) жергілікті атқарушы өкілетті органның бастамасымен;
- 2) білім беру ұйымының жабылуы немесе қайта құрылуы негізінде;

6.2. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі кеңес құрамынан шығарылады;

- 1) өзінің жеке сұранысымен;
- 2) білім беру ұйымы орналасқан жерде үш ай мерзімінде болмауына байланысты